

ӘОЖ 33.001.76

С.А. Рахимова

Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті, докторант
E-mail: Saulesha_Rahimova@mail.ru**Инновацияларды және инновациялық үдерістерді басқару**

Берілген мақалада инновациялық үдерістерді басқарудың теориялық негіздері қарастырылған. Автор өзінің түсінікті-категориялық аппаратын ұсынды, инновациялық үдерістің және оны басқарудың өзіндік түсінігін келтірді. Инновациялық үдерістің басты субъектілері қарастырылды. Инновациялық қызметті жүзеге асыру барысындағы мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара байланысы көрсетілген. Мақалада, сонымен қатар «Инновацияларды басқару» және «Инновациялық үдерістерді басқару» түсініктері қарастырылған. «Инновациялық менеджмент» пен «Инновацияларды басқару» түсініктерінің арасындағы айырмашылықтар мен өзара байланыстар жөнінен өзіндік ғылыми қорытындылары келтірілді. Басқарудың кілтті теориялық негіздерін береді және инновациялар мен инновациялық үдерістерді басқарудың қажеттілігін өзекті етеді. Инновациялық үдерістерді басқарудың авторлық көзқарасы беріледі. Әсіресе инновациялық кәсіпкерлікке баса назар аударылған. Инновациялық кәсіпкерліктің макро және микродеңгейде даму рөлі айқындалған. Инновациялық үдерістерді басқару үшін макро және микро деңгейде ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: инновациялық үдеріс, инновациялық үдерістерді басқару, инновациялар, басқару, инновацияларды басқару, менеджмент, инновациялық менеджмент.

S.A. Rakhimova

Management of innovations and innovative processes

The theoretical foundations of management of the innovation processes are considered in this article. The author presented his own conceptual and categorical apparatus, its author's vision of the innovation process and its management. The main persons of the innovation process are considered. The interrelation of business and government in the implementation of innovation is presented. In the given article the concepts 'Management of innovations' and 'Management of innovative processes' are observed. The author has her own scientific conclusions on differences and interconnections between concepts 'Innovative management' and 'Management of innovations'. The author gives key theoretical bases of management and updates the necessity of management of innovations and innovative processes. The author has suggested her own methods of management of innovative processes. Author's own approaches to rendering of concepts have been revealed. In the article author's position on management of innovative processes is given. Also the characteristic of innovative entrepreneurship is proposed.

Key words: innovative process, management of innovative processes innovations, management, management of innovations, management, innovative management.

С.А. Рахимова

Управление инновациями и инновационными процессами

В данной статье рассмотрены теоретические основы управления инновационными процессами. Автор представил свой понятийно-категориальный аппарат, свое авторское виденье инновационного процесса и управления им. Рассмотрены главные субъекты инновационного процесса. Показана взаимосвязь предпринимателей и государства в ходе осуществления инновационной деятельности. В статье также рассматриваются понятия «Управление инновациями» и «Управление инновационными процессами». Автор делает свои научные выводы по поводу различий и взаимосвязей в понятиях «Инновационный менеджмент» и «Управление инновациями». Дает ключевые теоретические основы управления и актуализирует необходимость управления инновациями и инновационными процессами. Предлагается авторское виденье управления инновационными процессами. Особое внимание уделено инновационному предпринимательству. Показана роль развития инновационного предпринимательства на макро- и микроуровне. Сделаны предложения по управлению инновационными процессами на макро- и микроуровне.

Ключевые слова: инновационный процесс, управление инновационными процессами, инновации, управление, управление инновациями, менеджмент, инновационный менеджмент.

Басқару шаруашылық жүйенің барлық деңгейлерін, үй шаруашылығынан бастап, кәсіпорындар, аймақ, мемлекетке дейін қамтиды. Басқару арқасында экономикалық қызметтің көптеген қатысушыларының іс-әрекеттерінің өзара келісімділігіне қол жеткізіледі, әрбірінің бірігуі ортақ мақсатқа жету үшін жасалады.

Басқару – бұл әртүрлі объектілер мен қоршаған ортада болып жатқан үдерістерге, онымен байланысты адамдарға адамның саналы ықпал етуі, бұл үдерістерге белгілі бір бағыттылықты беру мақсатында және одан қалаулы нәтиже алу үшін жүзеге асырылады [1].

Аса ірі облыстардың бірі ретінде – экономиканы қарастырайық, онымен әрбіріміздің тікелей немесе жанама байланысымыз бар. Экономиканы басқару объектісі ретінде қарастырайық. Р.А. Фатхутдинов бойынша, экономиканы басқарудың негізгі объектілері адамдар (өндірушілер мен тұтынушылар) болып табылады, жаратылыс табиғаты – экология, негізі және айналым құралдары, инфрақұрылым, тұтыну заттары, ақпарат, ақша құралдары. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында тек қана экономиканы басқару керек емес, ал инновациялық экономиканы басқару қажет.

Қазіргі таңда біздің еліміздің басқа тәуелсіз мемлекеттер сияқты бай табиғи және шикізаттық әлеуеті бар. Негізгі міндет, бұл шикізаттық қойма болып қалу емес, яғни мұнайға, газға деген әлемдік баға деңгейіне тәуелді болып өмір сүретін мемлекет болу емес. Біздің міндетіміз бар әлеуетті рационалды пайдалану, елдің мүмкіндіктерін барынша кеңейту, табиғи байлықты сақтау және көбейту, әлемдік нарықтарға ғылыми, технологиялық, инновациялық әлеуетпен шығу болып табылады.

Сондықтан барлық назарды инновациялық экономикаға салу қажет. Инновациялық экономика негізінде модернизацияланған экономика түсіндіріледі, ол жоғары қосылған құнымен ғылыми сыйымды өнімді өндіруге негізделген экономика [2]. Инновациялық экономиканың базалық элементтері инновация, инновациялық қызмет, инновациялық инфрақұрылым, жаңа өндірістік қатынастар болып табылады. Соның барлығы инновациялық үдеріске қатысты жұмыс істейді.

Түсінікті-категориялық аппаратты қарастыруға көшейік.

«Үдеріс» көптеген сөздіктерде құбылыс, құбылыстардың болып жатуымен сипатталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «үдеріс» сөзіне келесі түсінік берілген – құбылыстардың, жағдайлардың даму барысында ауысып отыруы, қайсыбір нәтижеге қол жеткізу үшін қатарлы әрекеттердің жиынтығы.

Инновациялық үдеріс инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру мен дайындықпен сипатталады және өзара байланысты фазалардан қалыптасады, ол бірегей, кешендік жалпыны құрайды. Осындай үдерістің нәтижесінде жүзеге асырылған, пайдаланған өзгерістер – инновация пайда болады.

Инновациялық үдеріс – бұл елдің интеллектуалды және ғылыми-техникалық әлеуеті өндірісінде қысқа мерзім ішінде және жоғары тиімділікпен жүзеге асыруға болатын жүйені құру. Бұл өте берік тетік, ол арқылы экономикадағы төмендеулерді жеңуге болады, оның құрылымдық қайта құруын қамтамасыз етуге, нарықты әртүрлі бәсекеге қабілетті өніммен қанықтыруға болады. Инновациялық үдеріс елдің жалпы ішкі өнімінің жоғарылауын жаңа өнімдер мен технологияларды игеру, өндіру арқылы қамтамасыз етеді, сонымен қатар осының негізінде отандық тауарлардың өткізу нарығын кеңейтеді.

Инновациялық үдерістерге өзінің еңбектерін С.В. Шманева, Т.Ю. Кикү, В.Е. Пятецкий, В.Г. Медынский, О.Л. Перерва, Э.А. Козловская, Д.С. Демиденко, Е.А. Яковлева сияқты және т.б. арнады.

В.Е. Пятецкий инновациялық үдерісті құбылыстардың үздіксіз қатары ретінде түсінеді, соның барысында жанашылдық идеядан нақты өнімге дейін «өнеді», технологиялар немесе қызметтер шаруашылық практикада таратылады [3]. В. Е. Пятецкий бойынша инновациялық үдеріс инновацияның таратылуымен, құрылуымен және игерілуімен таратылады. Инновациялық үдеріс қайсыбір кәсіпорынның инновациялық қызметін білдіреді, жаңа технологиялық үдеріс немесе жаңа өнім түрінде пайда болатын ғылыми-техникалық ізденістің нәтижелерін жүзеге асыруға және әзірлеуге бағытталған. Берілген жағдайда, инновациялық үдеріс шектелген және тек қана кәсіпорын деңгейінде ғана қарастырылады.

Т.Ю. Кикү бойынша ойдың қалыптасуы, инновациялық өзгерістердің дайындалуы мен

тұрақты түрде жүзеге асырылуды инновациялық үдеріс деп түсінеді. Инновациялық үдеріс – инновациялық қызметке қарағанда кеңірек ұғым. Ол бірнеше позициялардан және егжей-тегжейлі деңгейі әртүрлі қарастырылуы мүмкін: біріншіден, оны инновацияның өндірістік қызметтің, ғылыми-техникалық, ғылыми-зерттеушілік қызметтің параллельді-қатарлы жүзеге асырылуы ретінде қарастыруға болады; екіншіден, бұл идеяның пайда болуынан оны әзірлеу мен енгізуге дейінгі жанашылдықтың өмір циклінің уақытша кезеңдері ретінде қарастыруға болады. Берілген жағдайда, Т.Ю. Кику да В.Е. Пятецкийдің пікірін қолдайды, яғни инновациялық үдеріс – бұл құбылыстар тізбегінің қатары, оның барысында жанашылдық идеяның пайда болуынан бастап дайын өнімге, технологияның немесе қызметке дейін, шаруашылық тәжірибеге таратылады. Сонымен бірге инновациялық үдеріс енгізумен ғана шектеліп қоймайды, яғни жаңа өнім, қызмет

нарығында бірінші пайда болуы немесе жаңа технологияның жобалық қуаттылығына жеткізеді. Үдеріс үздіксіз болады, үзілмейді, себебі таратылу шамасына қарай, экономикадағы жанашылдықтар жетіледі, неғұрлым тиімді болады [4]. Берілген жағдайда, автор жанашылдықты экономикамен байланыстырғысы келді, сонымен қатар кәсіпорын деңгейінде.

С. В. Шманева «Заманауи экономикада инновациялық үдерістерді басқару» монографиясында «инновациялық үдеріс» түсінігін қарастырады, бұл – ғылыми білімнің инновацияға айналу үдерісі, яғни құбылыстар тізбегінің қатары. Оның барысында, инновация идеядан дайын өнімге, технологияға немесе қызметке айналады және тәжірибелік пайдалануда таратылады [5].

Кестеде әртүрлі авторлардың көзқарасы бойынша «инновациялық үдеріс» түсінігінің анықтамалары келтірілген.

1-кесте – «Инновациялық үдеріс» түсінігінің анықтамалары

Автор	«Инновациялық үдеріс» түсінігінің анықтамалары
В.Г. Медынский	Идеяның тауарға тізбектеп өту үдерісі, ол фундаменталды, қолданбалы зерттеулер, конструкторлық әзірлеулер, маркетинг, өндіріс және соңында өткізу – технологияның коммерциализация үдерісі кезеңдерінен өтеді.
В.Я. Горфинкель, Т.Г. Попадюк	Инновацияны жүзеге асыру барысында өтетін ғылыми-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістерінің жиынтығы болып табылады.
А.В. Барышева, К.В. Балдин, И.И. Передеряев, Р.С. Голов, Н.А. Кочкин	Ұлттық шаруашылық субъектілерінің ғылыми-техникалық, өндірістік, ұйымдастырушылық, басқару және басқа да жанашылдықтарды құру, тарату және тұтыну үдерісі.
Т.К. Блохина, О.Н. Быкова, Т.К. Ермолаева, П.Н. Завлин, А.К. Казанцев, Л.Э. Миндели	Ғылыми білімнің инновацияға айналу үдерісі, оны құбылыстардың қатарлы тізбегі ретінде көрсетуге болады, оның барысында инновация идеядан дайын өнімге, технологияға немесе қызметке айналады және тәжірибелік пайдалану кезінде таратылады.
Ю.В. Шленов	Жаңа өнімнің шығуымен, дайындығымен және пайда болуымен байланысты үдерістердің, әрекеттердің, қызметтердің, шаралардың, кезеңдердің, стадиялардың жиынтығы, сонымен қатар тұтынумен, құрумен және жанашылдықтың тәжірибелік жүзеге асырылуымен байланысты болады, ол өнім мен технологияны коммерциялық пайдалануға алып келеді, ғылыми-техникалық жаңашылдыққа ие болады және жаңа қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады.
Э.А. Козловская, Д.С. Демиденко, Е.А. Яковлева	Ғылыми білімнің жаңа енгізілімге қайта құрылу үдерісі. Оны құбылыстардың қатарлы тізбегі ретінде көрсетуге болады, сол үдеріс барысында, инновация идеядан дайын өнімге, технологияға, қызметке айналады және тәжірибелік пайдалануда таратылады.

Инновациялық үдеріс облысында зерттеушілердің ғылыми пікірлерін түйіндей отыра келесі қорытынды жасауға болады, көп жағдайда инновациялық үдеріс кәсіпорын деңгейінде қарастырылады және әрі қарай жетілдіру мен тиімділік позициясына аяқталмаған үдеріс.

Біздің пікірімізше, инновациялық үдеріс – инновациялық даму облысындағы құбылыстардың қатары, оның нәтижесінде инновациялық қызметтің барлық қатысушы-субъектілерінің өзара әрекет ету, даму, жетілдіру, қайта құру жүзеге асады: мемлекет, кәсіпкерлік,

инновациялық инфрақұрылым. Олардың әрқайсысы жеке және жалпы мақсатты жетуге талпынады.

Қазіргі кезде инновацияларға көптеген еңбектер арналған. Алайда бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – инновацияларды сауатты басқару, яғни макро және микро деңгейде барлық мақсаттарға қол жеткізу.

Инновациялық үдерістерді басқару ретінде көп жағдайда өнідіріс мәдениетінің, ұйымдастыруды, амалдарды жетілдіру мақсатында ғылыми, ғылыми-техникалық, өндірістік қызметті және компания персоналының интеллектуалдық әлеуетін басқару ретінде қарастырады, осының негізінде бәсекегеқабілетті тауарлар мен қызметтер нарығында қажеттіліктерді қанағаттандыру [3].

Біздің пікірімізше, инновациялық үдерістерді басқару – бұл инновациялық үдерістің барлық субъектілерінің қызметтерінің қатарлы жиынтығы, олар басқарудың барлық деңгейлерінде келісілген (жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау, реттеу) және бір бағытта барлығы талпынады, жылжиды, экономиканың тұрақты дамуына берілген кезеңде инновация арқылы жетуге тырысады.

Біздің түсінігімізде, инновациялық үдерісті макро және микродеңгейде ажырата білу керек. Бұл дегеніміз ажырату, бөлінуді білдірмейді және олар екі бөлек дүние деп ойлауға құқық бермейді, бұл бірегей жалпы инновациялық үдерістің басқару субъектілерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Макродеңгейде инновациялық үдеріс ретінде, біріншіден, белгілі кезеңге дейінгі инновациялық даму жолын таңдау деп түсініледі, екіншіден, инновациялық экономиканың құрастырушыларының жеке дамуы мен қайта құрылуы ретінде түсініледі. Инновациялық үдерісті басқара отыра, мемлекет кәсіпкерліктің инновациялық әлеуетін, мемлекеттің ғылыми-техникалық әлеуетін, инновациялық инфрақұрылымның мүмкіндіктерін анықтап және айқындауға тиіс, бәсекелестік инновациялық позицияларды анықтауы қажет, басқару облысындағы инновациялық саясат пен стратегияны қалыптастыру қажет, осылайша, өзіне реттеу мен үйлестіру қызметін алу қажет. Берілген жағдайда кілтті құрастырушылар: ұлттық инновациялық жүйе, экономика дамуының инновациялық және

мемлекеттік стратегиясы, мемлекеттік әдістер мен инновациялық үдерістерді басқару тетіктері.

Инновация, көп жағдайда микродеңгейде пайда болады, яғни идея пайда болады, кейін барлық кезеңдерді өтіп, жаңа тауарға, жаңа технологияға, жаңа қызметке айналады. Бұл идеяның пайда болуынан дайын өнімге өтуге дейінгі кезең инновациялық үдеріс деп аталады (кәсіпорын деңгейінде).

Кәсіпорындардың барлығы осы инновациялық ортаға енуі керек, нарықта өзінің науашасын табу мүмкіндігін анықтау керек, жоспарлау, осы инновациялық қызметті ұйымдастыру, мотивациялау, сыртқы инновациялық ортамен әрекет ету, инновацияның әрбір өмірлік цикілінің кезеңін басқару, орындалуды бақылау, сыртқы өзгерістерге оперативтік түрде жауап беру, инновациялық өнімнің өндірілуі мен табысты алу мақсатында шешім қабылдау.

Инновациялық үдерістің аса бір ерекшеліктерінің бірі – бұл оның көп кезеңділігі. Ол жаңа бір технологиялар, жаңа бір өнім түрінің, өндірісті басқарудың жаңа формаларының ашылуымен, әзірленуімен басталады. Содан кейін жаңа идея өзінің конструкторлық әзірлемеге айналу, оның бейнесі жаңа өнім түрінде алады немесе өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрлерінің моделі ретінде болады. Одан кейін конструкторлық әзірлемелерден алғашқыларын шығаруға көшеді, содан соң жаңа өнім өндірісінің сериялық және массалық өндірілуіне көшеді.

Инновациялық үдеріс барлық кәсіпорындарда барлық кезеңдерді қамтымайды. Мысалы, кәсіпорын басқа кәсіпорынның қызметтерін алуы іс жүзінде кездеседі. Алайда соңғы нәтиже инновациялық үдерісті сауатты басқаруға байланысты болады.

«Микродеңгейде инновациялық үдерісті басқару» түсінігіне анықтама беріп көрейік. Жеке алынған кәсіпорын деңгейінде инновациялық үдерістерді басқару – бұл бір кезеңнен басқа кезеңге көшу кезінде ұйымдастыру бойынша шаралар мен әрекеттер жиынтығы, соңғы нәтижесінде нарықта қажет етілген жаңа өнімді алуға микро және макро деңгейде жоспарлау арқылы қол жеткізуге болады, инновациялық саясатты қалыптастыру, инновациялық стратегияның болуы, инновациялық менеджментті ұйымдастыру, инновациялық әлеуеттің болуы, инновациялық үдерістің кезеңдері мен барлық элементтерін

жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерге мониторинг жасау, инновациялық инфрақұрылыммен әрекет етуді ұйымдастыру, инновациялық даму деңгейінің жоспарлау, бақылау және т.б. осыдан басқару неғұрлым дұрыс жүргізілетін болса, соғұрлым ол соңғы нәтижеге байланысты болады. Берілген жағдайда кәсіпорынның интеллектуалдық әлеуетін, өндірістік қызметін, ғылыми-техникалық, ғылыми әлеуетін, инвестициялық, қаржылық ресурстарды басқару қажет.

Инновациялық үдерістерді басқарудың дәстүрлі басқаруға қарағанда өзінің ерекшеліктері бар. Ең біріншіден, бұл ғылыми-зерттеушілік және жобалық жұмыстардың болуына байланысты болады. Басқа ерекшелігі оның тәуекелділігі болады. Жаңа тұтынушылық өнімдерді және үлгілерін жасаған кезде күтілмегендердің пайда болуы мүмкін, бастапқыда көрінбеген нәрселер кейін мәселе туғызуы мүмкін, олар мерзімдердің бұзылуына алып келе алады, ресурстардың ысырабына алып келуі мүмкін, жоспарланған мақсаттардың жете алмауына, соңғы нәтижеге жетпеуі және осыған орай инновациялық үдеріс осы кезеңдердің бірінде тоқтатылуы мүмкін.

Толық инновациялық циклдің сәттілігі және кәсіпорындағы нақты нәтижені алу инновациялық үдерістің болуына және оны басқарудың тиімділігіне байланысты болады. Сондай-ақ:

- инновациялық саясат, инновациялық стратегия;
- ғылыми-техникалық саясат;
- инновациялық менеджер, интеллектуалдық әлеует;
- қаржылық ресурс;
- сыртқы және ішкі ортамен орнатылған байланыстар;
- кәсіпорындағы маркетинг құрылымы және т.б. болуы қажет.

Кәсіпорындардың белсенділігінен көбі байланысты болады. Жетекші мемлекеттерде негізгі ғылыми зерттеулердің және әзірлемелердің көбі жасалады: 65%- ЕС елдерінде, 71% – Жапонияда, 75% – АҚШ. Қазақстан Республикасында кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2% – 5,6%-ға дейінгі аралықты құрайды. Инновациялық пассивтілік – 94-98%.

Көп жағдайда осындай нәтиже тек инновациялық белсенді емес кәсіпкерлікке байланысты ғана болмайды, сонымен қатар жалпы мем-

лекетте болатын инновациялық үдеріске байланысты болады.

Дамыған елдерде оңтайлы нәтижеге қол жеткізілген және инновациялық қызмет әлеуметтік-экономикалық дамуда басымды рөлді атқарады, яғни инновациялық үдерістегі тиімді және оңтайлы басқаруға байланысты болады.

Инновациялық үдерістердің әртүрлі кезеңдерінде пайда болатын инновациялық үдерістің тізбегінің үзілуі және бір кезеңнен екінші кезеңге өтуі үшін инновацияның жылжуын қамтамасыз ететін жалпы бірегейге инновациялық тізбектің жеке бөлімдерін байланыстыратын институттардың болмауынан инновациялық үдеріс тізбегі үзіледі. Басқа жағынан, біздің елімізде ғылыми идеялардың, қолданбалы зерттеулердің, нәтижелердің, әзірлемелердің және басқа да интеллектуалдық меншіктің «өндірушілері» және «сатып алушылары» бар, және олар осы нәтижелерді өндіріске бергісі келеді. Ал басқа жағынан сатып алушылар – өнеркәсіптік кәсіпорындар, осы нәтижелерді сатып алғысы келді, алайда ғылым мен өндіріс арасындағы ғылыми нәтижелерді беретін тетік жоқ, сонымен қатар жеке инновациялық үдеріс кезеңдері арасында байланыс жоқ. Сонымен бірге зерттеушілерге қажет келесі ақпарат қажет: зерттеушілер бүгінгі таңда қандай зерттеулер керек екенін білмейді, инновациялық үдерістің біреуінен екіншіге тасымалдайтын сәйкес институттар жоқ. Кәсіпорындардың бар ғылыми жетістіктері мен зерттеулерінің (мәліметтер базасы) бар екендігі туралы ақпараттандыру жүйесі жоқ. Инновациялық жобалардың тиімділігін бағалайтын бірден-бір әдістеме жоқ (көп жағдайда оларды инвестициялық жоба ретінде бағалайды).

Шикізаттық бағытталған экономикадан білім мен инновациялық экономикаға негізделген сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін инновациялық үдерісті басқару қажет, инновациялық экономика деп келесіні түсінеміз (жалпы): инновациялық инфрақұрылымның, мемлекет пен бизнестің келісілген қызметі, онда әрбірінің орны бар, жалпы басты мақсатқа қол жеткізу үшін және жеке субъектілер бойынша маңызды рөл атқарады. Біздің түсінігімізде, инновациялық үдерісті басқару объектісі ретінде қарастыратын болсақ, онда бұл технологиялық және ұйымдастырушылық өзгерістерді, кадрлық ресурстарды, мемлекет пен бизнесті,

ғылыми-техникалық әлеуетті инновациялық үдерістің субъектілері, қаржы, инновациялық инфрақұрылым, инновацияның өмірлік циклі ретінде басқару. Онда стратегия да, саясат та инновациялық бағыттылыққа ие, инновациялық үдерісті сауатты, дұрыс басқарудың нәтижесінде келесі нәтижеге қол жеткізуге болады: инновациялық үдерістің барлық субъектілерінің қызметін келістіру, белгілі бір бағыттылықты беру және әрқайсысының қалаулы нәтижеге қол жеткізуі.

Инновацияларды басқару инновациялық үдерісті басқарудың құрамды бөліктерінің бірі болып табылады. Себебі қайсыбір мемлекет үшін қажетті басымдықты таңдау керек, ол ішкі және сыртқы нарыққа қандай инновациялардың түрімен шыға алатынын таңдау керек.

Бүгінгі таңда, инновациялық дамудың жолын таңдау арқылы жаңа ғылыми түсінікке алып келді, яғни ол – «Инновациялық менеджмент». Алайда бұл дұрыс емес. Әрине, басқаруда жаңа әдістерді пайдалану керек. Әйтсе де, инновацияларды да басқару керек екендігін де ұмытпау керек. Көп жағдайда барлығы осы екі түсінік бірдей деп ойлайды. Бірақ бұл олай емес. Осыдан шығар менеджмент бойынша шетелдік және отандық кітаптардың санының артуы тенденциясы байқалып отыр, бірақ инновациялық даму жағдайында жалпы мемлекетті басқару бойынша ғылыми еңбектер аз, микроэкономикалық басқару мен макроэкономикалық басқару бойынша өзара әрекет етудің ғылыми бағыттары мен жұмыстары іс жүзінде кездеспейді.

Инновациялық менеджмент деп көбі инновацияны басқару деп түсінеді. Бұл олай емес. Себебі инновацияны басқару – бұл инновациялар туралы және оларды басқару туралы ғылым. Ал инновациялық менеджмент – басқару шешімдерін қабылдаудың жаңа әдістері мен формалары, көп түрлі қағидаларын пайдалану, менеджменттің экономикалық әдістері мен қызметтерін пайдалану. Инновациялық менеджмент әртүрлі инновациялық қызмет түрлерімен байланысты болады және олардың спецификасына байланысты өзінің басқару қызметін жүзеге асырады. Инновациялық үдерістерді басқаруға қатысты инновациялық менеджменттің рөлі инновациялық үдерістің құрастырушыларын дамыту мен қайта құрулары болып табылады, мақсаттың қол жеткізуіне алып келетін оңтайлы шешімдерді қабылдау керек, бұл шешімдер

белгілі бір кезеңде немесе белгілі уақыт аралығында инновациялық үдеріс ретінде пайда болады.

Біздің жағдайымызда, дамудың инновациялық бағыттылығы таңдалды, біз оны басқару керекпіз, яғни инновациялық үдеріске қажетті бағыттылық беру және қалаулы нәтиже алу мақсатында инновациялық үдеріске қатысы бар барлық субъектілерге әрекет ету.

Қазақстанның дамыған елдер қатарынан ғылыми техникалық артта қалуын жеңу үшін, әлемдік қауымдастыққа жаңа әлемдік серіктес ретінде енуі көп жағдайда оның барлық деңгейінде инновациялық үдерісті жүзеге асыруынан байланысты болады. Сондықтан инновациялық үдерістерді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық формалары, ерекшеліктері, құрылым мен зерттеудің мәні өте өзекті болып табылады.

Критикалық талдауды жасау керек, сонымен бірге инновациялық үдерістерді зерттеу мәнінің отандық және шетелдік ғалымдардың әдістерін топшалаңдыру инновациялық үдерістерінің құрылымының эволюциясын талдау, олардың заманауи табиғатын ашу керек. Сонымен қатар институционалдық қалыптасулардың негізгі бағыттарын талдау керек және аймақтағы инновациялық үдерістерді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық негізгі бағыттарын олардың қалыптасудың тиімділігін жоғарылату позициясынан қайта құру.

Макро және микродеңгейде инновациялық үдерістерді басқару туралы айту үшін қажет:

– кәсіпорындарда: ағымдағы қызметті талдау, инновациялық саясат пен стратегияны әзірлеу, оларға сәйкес ұйымдастырушылық құрылымды келтіру, инновациялық әлеуетті бағалау, кәсіпорында инновациялық жоспарлауды ұйымдастыру, өз күшімен немесе инновациялық инфрақұрылымды пайдалана отырып, инновациялық үдерісті жүзеге асырудың мүмкіндіктерін анықтау;

– аймақ деңгейінде: аймақтың әлеуетін және инновациялық мүмкіндіктерін анықтау қажет, басымды салалар мен секторды анықтау, аймақ деңгейінде инновациялық қызметті анықтау, республикалық және әлемдік деңгейде науашаны басудың болашағын бағалау, аймақтық инновациялық жүйені құру;

– мемлекет деңгейінде: республикада инновациялық үдерісті жүзеге асыруды бағалау

бойынша мониторинг орталығын құру, бар инновациялық инфрақұрылыммен қызметті жетілдіру, ғылым мен өндірістің байланысын нығайту бойынша шара қолдану, толық инновациялық үдерісті жүзеге асыру үшін әлеует пен мүмкіндіктерді бағалау, интеллектуалдық меншікті қорғауды жоғарылату бойынша жағдай жасау, инновациялық дамуға септігін тигізетін кәсіпкерлерді қолдаудың тетіктерін әзірлеу, басқару шешімін қабылдауға ықпал тигізетін инновациялық жобаларды бағалау әдістері мен критерийлердің тиімділігін жетілдіру, жоба-

ларды және жаңашылдықтарды басқарудың заманауи әдістерін әзірлеу, жалпы ұйымдарды, білімді және ақпараттық бағыттылықты басқару. Инновациялық дамудың деңгейін жобалауды қамтамасыз ету және инновациялық үдерістерді басқарудың модельдерін жүзеге асыру арқылы инновациялық дамуға қол жеткізу қажет. Жоғарыда айтылғандардың барлығы жүзеге асырылған кезде онда инновациялық үдерістерді басқару әлдеқайда жеңіл болады және ең басты нәтижеге, яғни инновациялық құрастырушы арқылы тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізіледі.

Әдебиеттер

1. Райзберг Б.А., Фатхутдинов Р.А. Управление экономикой / Б.А. Райзберг, Р.А. Фатхутдинов. – М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 1999. – С.20.
2. Иванцов П.И. Инновационная экономика / П.И. Иванцов. – Минск «Дикта», 2012. – С.6
3. Пятецкий В.Е. Управление инновационными процессами: методологические основы и принципы инновационного менеджмента в управлении предприятиями: учебное пособие. – М.: Изд. Дом МИСиС, 2012. – 152 с.
4. Кику Т.Ю. Управление инновационными процессами: учебное пособие. – Новосибирск: НГМА, 2005. – 94 с.
5. Управление инновационными процессами в современной экономике. Коллективная монография под общей редакцией д.э.н., профессора Шманева С.В. – Воронеж «Научная книга», 2011. – С.101

References

1. Rajzberg B.A., Fathutdinov R.A. Upravlenie jekonomikoj / B.A. Rajzberg, R.A. Fathutdinov. – М.: ЗАО «Biznes-shkola «Intel-Sintez», 1999. – S. 20.
2. Ivancov P.I. Innovacionnaja jekonomika / P.I. Ivancov. – Minsk «Dikta», 2012. – S.6.
3. Pjateckij V.E. Upravlenie innovacionnymi processami: metodologicheskie osnovy i principy innoacionnogo menedzhmenta v upravlenii predpriyatijami: uchebnoe posobie. – М.: Izd. Dom MISiS, 2012. – 152 s.
4. Kiku T.Ju. Upravlenie innovacionnymi processami: uchebnoe posobie. – Novosibirsk: NGMA, 2005. – 94 s.
5. Upravlenie innovacionnymi processami v sovremennoj jekonomike. Kollektivnaja monografija pod obshej redakciej d.je.n., professora Shmaneva S.V. – Voronezh «Nauchnaja kniga», 2011. – S.101.